

Бибол ЖҮМАҒАЛИҮЛЫ



Мен  
қайта  
оянам!

БИБОЛ ЖҰМАҒАЛИҰЛЫ

Мен  
қайта  
оянам!..

Өлеңдер жинағы



Алматы,  
2014

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (5 қаз) - 5  
Ж 35

**Жұмағалиұлы Б.**  
**Ж 35** Мен қайта оянам!.. *Өлеңдер жинағы/*  
*Бибол Жұмағалиұлы. Алматы:*  
*«Ан Арыс» баспасы, 2014. — 76 б.*

ISBN 978-601-7337-62-2

Небәрі 21 жас ғұмыр кешкен жас ақынның бұл жинағына аз ғана ғұмырында жазып қалдырған жырлары мен күнделіктері енгізілді. Ақынның жырлары көбіне мұңға бейім. Әр өлеңінде мұңының, қасіретінің қолтаңбасы бар. Өлеңдерінен ақынның өзіндік өрнегін, дара болмысын қалыптастыра бастаған тұсында үзіліп кеткендігі бірден аңғарылады. Бағасын оқырман қауым бере жатар.

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (5 қаз) - 5

© Жұмағалиұлы Б., 2014  
© «Ан Арыс»  
баспасы, 2014

ISBN ISBN 978-601-7337-62-2




**Б**ибол Жұмағалиұлы 1988 жылы 3-шілдеде Шығыс Түркістанның Тоғызтарау ауданында дүниеге келген. Анасынан ерте айрылған бала Бибол ең алғашқы өлеңдерін 13-ке толар толмас жасында мектеп қабырғасында жүріп жазыпты. Әрине, алғашқы жырлары ана туралы, сәби сағынышы жайлы. ҚХР, Іле облыстық қазақ орта мектебін бітіріп, 2008 жылы ата жұртқа оралған. 2008 – 2009 жылдары жас талапкер Жамбыл облысының Тараз Гуманитарлық Университеті тәлім алады. 2009 жылы 28 маусымда Алматы облысы Талғар ауданына қарасты Өзтемір ауылында қайтыс болған.

Бұл жинаққа ақынның аз ғана ғұмырында жазып қалдырған өлеңдері мен күнделіктері енгізілді. Тағдыр талқысына ерте түскен өмірі, баянсыз махаббаты, сағынышы, туған топырағына, ұлтына деген құрметі бедерленген шағын жинақ оқырман қауымның көңілінен шығады деп сенеміз.

Өмірден ерте озған жас ақынның қолжазбаларын жинап, реттеуге көмектескен дос-бауырларына, кітаптың шығуына қаржылай көмек көрсеткен әкесіне, туыстары мен ауылдастарына ерекше алғыс айтамыз.

*Құрастырушыдан.*



Ей, адам, маған қабағың түйме,  
Бақытты сүйгем кеше мен.  
Ал бүтін іштім мәйханаларда,  
көзімнің жасын кесемен.

Арғымақ мініп шауып жүргенде,  
«Қысметті» айтып қымсынбай.  
Құлағым шалды алты ала қаздан,  
Сумандап шыққан сұңқылды-ай.

Дір етті жүрек,  
сезіктендім мен,  
Емес-ау әсте жақсылық.  
Қайғыны маған табақтап тартты,  
Тасбауыр тағдыр бас қылып.

Ағыл да тегіл ағып жатқанмен,  
Көзімнің қазір сорасы.  
«Көлінде жатып көркейе алмас  
Ортайса көлдің қоғасы».



Болар да болар көңілім менің,  
«Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ».  
Бейішім келіп өмірімдегі,  
Кетемін ертең аспандап.



## **ЖЕЛТОҚСАН МОНОЛОГІ**

Басымды тауға ұрдым, тасқа ұрдым,  
Жұбатар дейсің бұл жас кімді.  
Қасым хан жұртына қарап ап,  
Ұлыған жаралы қасқырмын.

Жебедең жанымды улаған,  
Сұп-суық бір хабар тыңдағам.  
Қай қырдан кісінеп келеді,  
Бәсірем — мінгізген ғұн бабам.

Жанымды басады батпан мұң,  
Ерлігім қан болып аққан күн.  
Аспаннан күтемін жасындай,  
Семсерін сақтардың.

Ақын боп шағамын айға мұң,  
Жырлайтын тарылды айлағым.  
Қай шыңға апарып қадаймын,  
Бабамның бөрілі байрағын.

Ылғи да түс көрем түндерде,  
Дұшпаным күлседе іргемде.



Қып-қызыл қанымнан нәр алып,  
Бәйшешек қаулайды мүрдемде.

Мен қайта оянам!  
Шолпаным туғанда таңғы аспан,  
Бәсірем жер тарпып таңды асқан.  
Бөрілі байрағым желбіреп,  
Қолымда жарқылдап алдаспан.  
Мен қайта оянам!

*2008 ж. Желтоқсан*





\*\*\*

Мына маған дәулет бітті сенсеңіз,  
Берер едім бөлісем деп келсеңіз.  
Баяғыда байлығымды мыңғырған,  
Алып кеткен өзіменен он сегіз.

Қараңызшы !

Менде қандай жылқы көп,  
Белден белге асып жатыр дүркіреп.  
Құлан шалыс, құндыз түкті құнандар,  
Сауырына шыбын қонса сілкінед.

Сүт сәулесін еміп тұрып айдың да,  
Апай төсін ұрып алып айдыңға .  
Жалт-жұлт етіп жағалауда жүреді,  
Қап-қара бір айғырлар.

Құрық алып күзет тұрсаң кешкілік,  
Шайнасады бесті дауысы естіліп.  
Сен барғанда үрке-үрке қарайды,  
Арғымақтар үдірейе осқырып.

Кілең бәрі қамыс құлақ, қаз мойын,  
Жусады-ай бір жылқыларым жаз бойы.



Қысқа салым мекендеді сап-сары,  
Сар қамысты саз бойын.

Отарға айдап мен соларды аттанам,  
Ұлып-ұлып қарсы алады ақ боран.  
Соны өріске салып қойып жатайын,  
Бұрын ешкім таптамаған, таппаған.

Отар ғой деп от арудың от демін,  
Үйір-үйір жылқылардай беттегі.  
Үйір-үйір ұлы сағынышымды,  
Дүркіретіп саған қарай беттедім.



**АЛМАТЫ.  
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
КӨШЕСІНДЕ**

Ахмет ата,  
Көшеңе келді бір қонақ,  
Сары жапырақтай  
                    сағыныштарын мұңға орап.  
Сенің көшеңде менің тағдырым барады,  
Көзіңнен аққан  
                    ып-ыстық жастай сырғанап.

Сергелдең дәурен,  
                    сенделген ғұмыр баяғы,  
Қуарған өңмен құшағын маған жаяды.  
Құлаған жапырақ  
                    маңдайымды келіп искеді,  
Аядым оны, олдағы мені аяды.

Баянсыз тірлік билеген қала тым суық,  
Алатау ғана қояды іштей күрсініп.  
Бабамнан қалған  
                    соңғы сарқытты сағынып,  
Ең соңғы жасым ыршыды.

Жол жүрдім тағы бозарып ұшы бетімнің,  
Жетім күшік боп бұлаңдап  
жетті жетім мұң.  
Қағазға сызар қасіретімді жер таппай,  
Бұқармен сенің қиылысыңа  
кеп отырмын.



## **ДІЛМҰРАТ ЖҰМАҚАНҰЛЫНА**

**1**

Қарт Ілеге менен сәлем,  
Алдаспан,  
Ескі мұңға жалғыздығым жалғасқан.  
Мынау қатал Үрімжіде тым суық,  
Көңілімнің көгалдарын қар басқан.

Қайттындар ғой қаздарындай қазанның,  
Кеткенін ай айналамнан ажардың.  
Жалғыз қалдым Үрімжіде бағасыз,  
Тауарындай сатылмаған базардың.

Алшы емеспін ылғи ғана тәйкемін,  
(Маған бақыт бұйырмайды-ау, әй, тегі,  
Сағынушы ем, жүрсеңдер де жанымда,  
Ал кетсеңдер қайтемін?!

Қарбаластық бар нәрсені шырмаған,  
Жыласаң да түсінбейді бұл қала.  
Еңіресем бірге жылар кемсеңдеп,  
Сағындым ғой момын ауыл — Жырғалаң.



«Сағындым ғой өзенімді тауымды,  
Сағындым ғой аңқылдаған қауымды.»  
Шерім төксем түсінетін тек үнсіз,  
Сағындым ғой анам жатқан қабырды.

Сағындым ғой достарымды кіл қазақ,  
Жүрегімді ауыртады мұң қажап.  
Көзім жасы көкірегімнен құласа,  
Тереземнен қарайды етіп түн мазақ.

Қайтем, аға,  
Жанарымды жас көмді,  
Жұбататын бір жырыңды баста енді.  
Шарап құйып,  
Ғазал оқы,  
Ішейік!  
Не қылайын, басқа емді.

*16 Қаңтар. 2008 ж.*



**2**

Діләй,  
Ағам менің,  
Тірлікте кетер әлі бағаң кеміп.  
Үрімжіде жүргенде мұң құшақтап,  
Дәл жанымнан жолықтың жағам болып.

Кетем енді, кеткелі тұрмын бүгін,  
Ерттеп мінсем деп барам жыр дүлдүлін.  
Үрімжінің аспаны моншақ үзді,  
Мың бір түндей ертегі — мың бір мұңы.

Сан күндерді өткізіп далақтаумен,  
Сыр бөлістік масаңдау шараптармен.  
Қайтейік, өзімізше өлеңдеттік,  
Есенғали<sup>1</sup>, Мұратты<sup>2</sup> парақтаумен.

Қайран күндер көзден мұң сорғалаған,  
Шығып кетіп шарқ ұрған формуладан.  
Дәптеріңнің бетінде қалам емес,  
Қасірет — қара сызық жорғалаған.

---

<sup>1</sup> *Есенғали Раушанов.*

<sup>2</sup> *Мұрат Шаймаран.*



Аға сені ит тірлік созғылап кеп,  
Жүйкенді әлі жұқартып тоздырад көп.  
Сонда-дағы сұрарым,  
жүрсең болды  
Әсет<sup>3</sup> пенен Ерболға<sup>4</sup> көз-құлақ боп.

Кетем енді зар қылып бақтар түнін,  
Есіңе алып қаланың тап-тарлығын.  
Жан аға, кең далаға маңдайымнан,  
Үш иіскеп аттандырғын...

---

<sup>3</sup> Әсет Қаныбек (досы).

<sup>4</sup> Ербол Әкім (досы).





## **ЖАРАПАЗАН**

Тыңда, мейлі тыңдамағын бұл жырды,  
Он тоғыздан сәлем айтам тым мұңлы.  
Тоғызыншы сәуірден соң сен кеткен,  
Сағынышсыз өткізбедім бір күнді.

Ұнатпадың мұңға туыс мені бұл,  
Тым арманшыл қиялымның серігі.  
Сезінсеңші ессіз емес едің ғой,  
Қайыршының тоны сынды көңілім.

Айта-айта сөздерім де ескірген,  
Жалыққанды құлағың да естуден.  
Оразаның отыз күні айқайлар,  
Жрапазаншының күнін кештім мен.

О, Музам-ай,  
    Ұмайым-ай,  
            Көк тектім,  
Қаншалаған қасіретті көктеттің.  
Жыл бойында жарапазан айтамын,  
Түсіне алсаң мен осындай «көкбетпін».



Менсіз білем жаның сенің тоңбайды,  
Бәлкім бақыт басыңа кеп орнайды.  
Сүймеуіңе болады ғой сонда да,  
Махаббатқа сенбеуіңе болмайды.

*2008 ж. ақпан*





Періште деп сүйіп едім бір қызды,  
Сайтан екен бәтшағар.  
Ұмыттыршы қасіретті бұл күзді,  
Тезірек кеп ақша қар.

Кінәм ба еді адал ашық болғаным,  
Берді мені махаббат та неге алдай.  
Ертедегі шайырларша сорладым,  
Әлі тұрмын өзіме-өзім келе алмай.

Ылғи да бір егіз болдым сорлармен,  
Атақты бір ақын болып кетердей.  
Пері тектес пенделері болғанмен,  
Жер бетінде періште жоқ екен ғой.





Ей, аппақ қар,  
Неге жаудың сен бүгін,  
Білдірейін дедің бе аяз ерлігін.  
Кеше ғана бүрлеген-ді жас ғұмыр,  
Көктетеді енді кім?

Ей, аппақ қар,  
Ақпан емес, сәуір бұл!  
Мұңға батты әне тағы жауыр күн.  
Көрсетпейін деп келдің бе сен әлде,  
Кір дақтарын дәуірдің.

Ей, аппақ қар,  
(таза дейсің сендей кім),  
Жылап бүгін жас майсаны жерлеймін.  
Ертең қайта көктегенмен жас ғұмыр,  
Қалып қойды көңілімде меңдей мұң.

Ей, аппақ қар,  
Жүрегімнен гүлді үзіп,  
Алып кетті жаңа ғана түн қызы.  
Түсірді еске сенің мына келісің,  
Желтоқсанның он алтыншы жұлдызын.  
Ей, аппақ қар...



\*\*\*

Әке!

Шешем кетіп дүниеден тым ерте,  
Тамұқ болып кетті білем гүл өлке.  
Ақын болып кетер болсам мен егер,  
Шумақ-шумақ жыр арнаймын күні ертең.

Мұңға бола қалмайықшы таусылып,  
(Қане келсін қасіреттер қаншылық!?)  
Бұлт торлаған күліп бір күн көк аспан,  
Қаларсың-ау қалың мұңнан аршылып.

Кетіп жатыр кір дүние кінә артып,  
Өтіп жатыр мұң дүние мұнартып.  
Мейлі, қойшы,  
маған мынау жалғанда,  
Барлығынан жалғыз шумақ жыр артық.

Әкетайым, бұл күндері күнім мұң,  
Бақыт іздеп сан сабылдым, сүріндім.  
Бақыт деген жыр құшағы ұлыңа,  
Басқа бақыт садағасы жырымның.



Аман болсаң, аман болса өлеңім,  
Әйтеу бір күн бәйгемді алып келемін.  
Ешкім мені қаға алмайды тіземнен,  
Себебі, мен достарыма сенемін.

Сенемін мен ақиқатқа ауырған,  
Сенемін мен ағаларға бауырмал.  
Ертең олар ем-домдарын істейді,  
Арқамдағы ер қажаған жауырға.

Көрінетін болса ұлыңа соңғы нұр,  
Құлағыңа естіледі мол дүбір.  
Пырағыңның тұяғынан сен жайлы,  
Жалғыз шумақ оқылады ...

соңғы жыр.

*2008 ж. ақпан*





*Сезесің бе, арман қыз,  
Тағы да бір таң атырдым жап-жалғыз.*

*(Ескі дәптерден)*

Табиғат — шебер қыс суретін өшірді,  
Ару — таулар ақ көйлегін өшірді.  
Құшпақ болып ақ тамақтан аймалап,  
Сабырсыздау самал — жігіт есірді.

Келе жатыр шығыс жақтан таң құлап,  
Таулар дел-сал майда лепке балбырап.  
Шолпан — жеңге тұрған шақта намазға,  
Бозбала — жел ұйықтап кетті қалжырап.

Бір-біріне бәйшешектен гүл арнап,  
Бақыт — күйін төгіп жатыр мына аумақ.  
Түн қойнында белден асып ай кетті,  
Сәуле — бұрым бұлаңдап.

Бар тіршілік ғашықтықтан басталды,  
Күн арбайды найза шыңын асқардың.

Бұлақ қыз да сыңғыр-сыңғыр күледі,  
Биіне елтіп жас талдың.

Ұмыт болып қасірет, мұң, шер, нала  
Мас боп жатыр махаббатқа кең дала.  
Қабағына қайғы іліп ап өзің жоқ,  
Қағазына сырын шерткен мен ғана.

*2009 ж. 21 наурыз*

